

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің экономикалық факультетінің 60 жылдығына арналған «**Жаңа болмыс жағдайында экономика және қоғам**» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының **материалдары**, 25 мамыр 2023 жыл, I бөлім= **Материалы** Международной научно-практической конференции «**Экономика и общество в условиях новой реальности**», посвящённой 60-летию экономического факультета Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, 25 мая 2023 год, I часть = **Materials** of the International scientific and practical conference «**Economy and Society in a new reality**» dedicated to the 60th anniversary of the Faculty of Economics of the S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, May 25, 2023, I part. – 2023. – Ч.1. – Б.263-270.

## **ТАУАРЛЫҚ - МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР, ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚЕХС СӘЙКЕС БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ**

ӘОЖ 657.3

*Манапова А.Т., магистрант  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті  
Семей қ.*

Экономиканың қай саласындағы болмасын кәсіпкерлік субъектілер мен еңбек ұжымдары шикізат пен материалдарды ұқыпты жұмсауға, өндіріс қалдықтарын азайтуға, ысырапты жоюға, өзінің өндіріп шығаратын өнімін халықаралық нарықтағы бәсекелестікке жарамды етіп шығаруға, өндірісін ұлғайтуға, өндіретін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және де қоршаған ортаны сақтауда оған зиян келтірмеуге мүдделі.

Өндіріс процесіне еңбек құралдарымен қатар тауарлық-материалдық қорлар ретінде әрекет ететін еңбек заттары да қатысады. Олардың еңбек құралдарынан айырмашылығы, еңбек объектілері өндіріс процесіне тек бір рет қатысады және олардың құны өндірілетін өнімнің өзіндік құнына толығымен қосылады, оның материалдық негізін құрайды [1].

Ұйымдардағы тауарлық-материалдық қорлардың есебі ҚЕХС №2 «Қорлар» стандартына сәйкес ұйымдастырылады.

Тауарлық - материалдық қорлар түрінде көрсетілген активтердің үлкен бөлігін өнімдерді дайындауда, қызметтер мен жұмыстарды орындауда пайдаланылатын материалдық бағалықтар құрайды.

Материалдар өндірісте өндіру, қайта өңдеу немесе дайындау үшін, немесе басқадай қажеттіліктер үшін арналған.

Материалдық қорлардың есебін дұрыс ұйымдастырудың қажетті алғы шарты материалдардың іс жүзіндегі жіктелуін сақтау болып табылады. Қорлар келесідей жіктеледі:

- сатылып алынған тауарлар;

- қайта сатуға арналған мүліктер;
- ұйыммен өндірілген және сатуға арналған дайын өнімдер;
- шикізаттар пен материалдар;
- аяқталмаған өндіріс;
- басқа көмекші материалдар.

Тауарлық-материалдық қорлар есебі тек қана топтары бойынша емес, сонымен қатар әрбір атауы, түрі, мөлшері, сорты және тағы басқалары бойынша жүргізіледі.

Еңбек заттары біртекті емес. Олардың бір-бірінен өндірісте атқаратын міндеттеріне қарай, сондай-ақ физикалық және химиялық қасиеттеріне қарай өзара айырмашылықтары бар. Сондықтан да материалдар есебін дұрыс ұйымдастырудың ең басты мәселесі – оларға экономикалық жағынан дәлелденген жіктеу жасау болып табылады. Өздерінің өзгешеліктері мен өнім дайындауда ақаратын міндеттеріне қарай материалдар:

- шикізат;
- негізгі материал;
- көмекші материал;
- жартылай фабрика және тағы да басқалар болып бөлінеді.

Негізгі материалдар мен шикізаттар өндірілетін өнімнің құрамына кіріп оның материалдық негізін жасайды. Шикізаттар деп бұрын азды-көпті еңбек сіңірілген заттарды атайды. Негізгі материалдардың қатарына өнімнің өзіндік құнын құрайтын өңдеуші өнеркәсіп өнімдері жатады.

Өндірістік үдерістің бір сатысынан толық өтіп әрі қарай өңдеуді қажет ететін материалдар жартылай фабрикалар деп аталады. Материалдардың бұл түрін әрі қарай өңдеу арқылы дайын бұйымдар алынады. Олардың аяқталмаған өнімнен айырмашылығы оны сол күйінде сатуға болады. Бұндай жағдайда жартылай фабрикатты сатып алған ұйымдар оны әрі қарай өңдейді. Сондықтан да әрі қарай өңдеуге арналған ұйымның өзінің өндірген немесе басқалардан сатып алған заттары еңбек заттарының қатарында есептеледі.

Көмекші материалдарға - әр түрлі химикаттар мен майлайтын, сүртетін және жөндеуге керекті басқа да материалдар жатады. Көмекші материалдардың негізгі материалдардан өзгешелігі, олар өнімнің материалдық негізін құрамайды. Олар өндіріс үдерісінде қолданылуы барысында негізгі материалдарға өзінің қандай да бір тиісті әсерін тигізіп, негізгі материалдардың түсін тағы да басқа жақтарын өзгертеді.

Материалдардық қорлардың ішінде бөлек топ болып отындар, ыдыс және ыдыстық материалдар, қосалқы бөлшектер, құрылыс материалдары және тағы басқалар есептеледі. Отындар тобына энергия өндіруге, үй-жайларды жылытуға пайдаланатын материалдардың барлық топтары жатады.

Отын - өндірістегі өзінің тағайындалу және пайдалану жағдайлары бойынша энергетикалық, технологиялық, двигательдік (жанар, тағар май) және

шаруашылық мұқтаждықтары үшін (ғимараттар мен үй жылытулары үшін) отын болып бөлінеді.

Ыдыс және ыдыстық заттар – бұл әртүрлі материалдар мен дайын өнімдерді орау, буып-түю, тасымалдау және сақтау үшін пайдаланатын заттар.

Қосалқы бөлшектер машиналар мен құрал жабдықтардың тозған бөлшектерін жөндеу және ауыстыру үшін қызмет етеді.

Өзге де материалдар өзіне аталмыш ұйымда материалдар, отын немесе қосалқы бөлшектер ретінде, пайдалана алатын, негізгі құралдардың шығарылып тасталуынан алынған материалдарды, өндіріс қалдықтарын, түзетуге келмейтін ақшаларды енгізеді.

Басқа жаққа қайта өңдеуге берілген материалдар – бұл сырт ұйымдардың өңдеуіне тартылған және одан кейін одан алынған өнімдердің өзіндік құнына қосылатын материалдар.

Құрылыс материалдары – құрылыс салушы ұйымдар есепке алынатын, құрылыс бөлшектерін жасау, ғимараттар мен құрылыстардың бөліктерін және конструкцияларын бөлу және көтеру үшін тікелей құрылыс және монтаж жұмыстары процесінде пайдаланатын материалдарды, сондай-ақ құрылыс мұқтаждықтары үшін қажетті өзге де тауарлы-материалдық қорларды білдіреді.

Дайын өнімге өңдеудің барлық кезеңдерінен өткен, техникалық және сапалық сипаттамалары қойылатын талаптарға немесе қойылым келісімінің шарттарына сай келетін өнімдер жатқызылады.

Тауарларға сату үшін алынған материалдық құндылықтар жатқызылады. Сауда, жабдықтау немесе басқа да делдалдық қызметтегі ұйымдар тауарлар құрамында, сонымен қатар өніммен жабдықтаушыларға қайтарылуға тиіс төленген көп айнымалы ыдыстарды есепке алады [2].

Шикізат пен материалдар, сатып алынған жартылай фабрикаттар, отын, қосалқы бөлшектер және басқа қор материалдар баланста олардың нақты өзіндік құнымен көрсетіледі.

Осы баға бойынша құндылықтар жинақтамалық есепте көрсетіледі; талдамалық есепте – тұрақты есеп бағасымен көрсетіледі.

Материалдық қорлардың өзіндік құны келесідей шығындардан тұрады:

- Материалдық қорларды алу бойынша шығындар. Бұған сату құны, әкелуге баж салығы және басқа да салықтар және салық алуға байланысты басқа да шығындар.

- Қайта өңдеу бойынша шығындар, дайын өнім өндірумен тікелей байланысты.

- Еңбекке ақы төлеу шығындары және жұмысшылардың еңбекке шығындары, өнім өндіруге шикізат пен материалдар. Басқа да шығындар, яғни орналастыру, жеткізу және оларды пайдалану жағдайына байланысты шығындар.

Әділ құн - бұл активтерді олармен айырбастаған немесе осындай мәмілені жасаудан жақсы хабары бар, мәміле жасағысы келетін және бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында мәміле жасалған кезде міндеттемелерді реттеуге болатын сома.

Өткізудің ықтимал таза құны - бұл жұмысты орындауға жұмсалған ықтимал шығындар мен өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегеріп тастағанда әдеттегі іс барысындағы болжамды сату бағасы. Өткізудің ықтимал таза құны ұйым әдеттегі қалыпты қызмет барысында қорларды сатудан өтеуді күтетін таза сомаға байланысты. Әділ құн мәмілені жасау кезінде, нарықта жақсы хабардар, осындай мәмілені жасағысы келетін сатып алушылар және сатушылардың арасында ұқсас қорларға ауыстыруға болатын соманы көрсетеді. Біріншісі нақты ұйымға тән болып табылатын құн; соңғысы ондай болып табылмайды. Қорларды өткізудің ықтимал таза құны сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп тастағанда әділ құнға тең болмауы да мүмкін.

Қорларды қаржылық есептіліктің халықаралық №2 «Қорлар» стандартына сәйкес есепте нақты өзіндік құнымен көрсетеді. Өзіндік құн тауар үшін төленген бағаны немесе оны өндіру үшін қажет соманы білдіреді.

Қаржылық есептіліктің халықаралық №2 «Қорлар» стандартында материалдық қорларды бағалаудың келесі әдістері ұсынылады: арнайы ұқсастыру әдісі, орташа құн әдісі, алғашқы сатып алынған қорлардың бағалары бойынша («ФИФО») бағалау әдісі.

Бұл әдістердің әрқайсысы алдымен ай соңындағы қалдықтарды материалдық бағалауды, одан кейін шыққан материалдық қорлардың құнын анықтауды болжайды. Соңғыларының құны кезең басындағы қорлар құнының жалпы бағасынан есеп беру кезеңінде түскен құнын қорлардың ескере отырып кезең соңындағы қорлар құнын алып тастау арқылы анықталады.

Орташа өзіндік құнын есептеу әдісі бойынша кәсіпорынға кіріске алынған әрбір материалдық қорлардың бағасы олардың кіріске алынғандағы шоты бойынша бағасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Материалдық қорлар тобының орташа құны ұйымдағы материалдардың есепті айдың басындағы қалған қалдығының құнымен ай бойы кіріске алынған материалдар құнының жиынтығын материалдардың ай басындағы сандарының қалдығымен ай бойы кіріске алынған тиісті материалдардың сандарының қосындысына бөлу арқылы анықталады.

ФИФО есептен шығарылған материалдық қорларды алғашқы кезекте кіріске алынғандарының өзіндік құны бойынша бағалау әдісі болып табылады. Бұл әдіс қағидасы бойынша материалдық қорлардың бірінші кезекте кіріске алынғаны алғашқы болып, яғни бірінші кезекте шығыс етіледі деп жорамалданады. Басқаша айтатын болсақ, барлық келіп кіріске алынған материалдар бірінен соң бірі кіріске алынғандағы кезегі бойынша шығыс етіледі деп есептелінеді. Бұл жағдайда ай соңында кәсіпорынның қоймасында

қалған материалдардың өзіндік құны соңғы кіріске алынған материалдардың бағасымен бағаланады.

Арнайы сәйкестендірілген есептеу әдісі әдетте бірін-бірі алмастыруға болмайтын немесе кәсіпорында ерекше тәртіппен пайдаланылатын нақтылы бір материалдық қорлардың бағасын есептеуге арналған. Бұл әдіс жұмсалған материалдар мен істелген жұмыстардың нақты өзіндік құнын есептеп шығаруды көздейді [3].

Қорлар есебін жүргізудегі негізгі мәселе актив ретінде танылуға жататын және тиісті түсімдерді танығанға дейінгі келесі кезеңдерге көшірілетін шығындардың шамасын анықтау болып табылады. Стандарт шығынды анықтау және сатудың ықтимал таза бағасының шамасына дейінгі құнның кез келген азаюын қоса алғанда, оларды кейіннен шығыстар ретінде тану бойынша нұсқау береді. Сондай-ақ ол қорлардың өзіндік құнын анықтау үшін пайдаланылатын өзіндік құнды есептеу тәсілдері жөнінде түсінік береді.

Материалдық қорлар өндірістің белгілі бір кезеңдерінде өткізудің ықтимал таза құны бойынша бағаланады. Өткізудің ықтимал таза құны ұйым әдеттегі қалыпты қызмет барысында қорларды сатудан өтеуді күтетін таза сомаға байланысты. Әділ құн мәмілені жасау кезінде, нарықта жақсы хабардар, осындай мәмілені жасағысы келетін сатып алушылар және сатушылардың арасында ұқсас қорларға ауыстыруға болатын соманы көрсетеді. Біріншісі нақты ұйымға тән болып табылатын құн; соңғысы ондай болып табылмайды. Қорларды өткізудің ықтимал таза құны сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп тастағанда әділ құнға тең болмауы да мүмкін.

Материалдық қорларға қайта сату үшін сатып алынған және сақталатын тауарлар кіреді. Сонымен қоса қорлар дайын немесе ұйым шығарған және шикізат пен өндіріс процесінде одан кейінгі пайдалануға арналған материалдар кіретін жартылай дайын өнім кіреді.

Материалдық қорлар міндетті түрде ең кемі екі деңгей бойынша: өткізудің өзіндік құны мен ықтимал таза құнында өлшенуге тиіс.

Қорлардың өзіндік құнына міндетті түрде сатып алуға, қайта өңдеуге жұмсалған барлық шығындар және қорларды ағымдағы жай-күйіне және орналасқан жерге дейін жеткізу мақсатында жұмсалған шығындар жатады.

Қорларды сатып алуға жұмсалған шығындарға сатып алу бағасы, импорттық баж салықтары мен басқа да салықтар (ұйымдар кейіннен салық органдары арқылы өтейтін салықтардан басқалары), сондай-ақ тасымалдауға, өңдеуге арналған шығыстар және объектіні сатып алумен тікелей байланысты шығыстар жатады. Сауда жеңілдіктері, төлемдерді қайтару және басқа да сатып алуға жұмсалған шығындарды анықтаған кезде шегеріп тасталады.

Материалдық қорларды қайта өңдеу шығындарына еңбекақы төлеуге жұмсалған тікелей шығындар сияқты өнім бірліктерімен тікелей байланысты шығындар кіреді. Сонымен қоса оларға шикізаттан дайын өнім жасап шығару кезінде орын алған тұрақты және ауыспалы үстеме өндірістік шығыстарды

жүйелі түрде бөлу кіреді. Тұрақты үстеме өндірістік шығыстар амортизация мен үйлерге қызмет көрсету және жабдықтар мен әкімшілік-басқару шығыстары сияқты өндіріс көлемінен тәуелсіз салыстыра алғанда өзгеріссіз болып қалатын жанама өндірістік шығындар болып табылады. Ауыспалы үстеме өндірістік шығыстар шикізаттың жанама шығындары мен еңбектің жанама шығындары сияқты өндіріс көлемінің өзгеруінен тікелей немесе тәуелді жанама өндірістік шығыстар болып табылады.

Басқа да шығындарға қорларды қазіргі орналасқан жеріне дейін жеткізуге және жай-күйіне байланысты деңгейдегі олардың өзіндік құны ғана жатады.

Нормативтік шығындар бойынша есепке алу әдісі және бөлшек баға әдісі сияқты қорлардың өзіндік құнын айқындаудың әр алуан әдістері, егер олардың нәтижелері өзіндік құнға жуықтап сәйкес келетін болса, қолайлылық үшін пайдаланылуы мүмкін. Нормативтік шығындар шикізаттар мен материалдарды, еңбекті пайдаланудың, тиімділік пен қуаттың қалыпты деңгейін ескереді. Оларды ұдайы тексереді және қажет болған жағдайда, ағымдағы жағдайларға қарай қайта қаралады.

Бірін-бірі алмастырмайтын қорлардың жекелеген баптарының, сондай-ақ арнаулы жобалар үшін өндірілген және оларға арналған тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің өзіндік құны оларға жұмсалатын жеке шығындарды ерекше сәйкестендіру арқылы анықталуға тиіс.

Іс жүзіндегі шығыстардың нақты анықтамасы белгілі бір шығындар қорлардың белгілі бір баптарына жататынын білдіреді. Есепке алудың бұл тәртібі, олардың сатып алынғанына немесе өндірілгеніне қарамастан, арнаулы жобаларға арналған бұйымдар үшін сәйкес келеді. Алайда, іс жүзіндегі шығындардың нақты анықтамасы қорлардың бір-бірін алмастыра алатын бірліктері аса көп болған жағдайда бұған лайықты болмайды. Мұндай жағдайларда пайда немесе залалға есептің әсерін тигізу үшін қорларда қалатын баптар таңдау әдісін пайдаланылар еді.

Қарастырылғанға жатпайтын қорлардың өзіндік құны екі әдістің: алғашқы түскен өнім - алғашқы жөнелтілген өнім (ФИФО) немесе орташа өлшемді күн әдістерінің көмегімен анықталады. Ұйым сипаты және олардың ұйымдарда пайдалануы жағынан ұқсас барлық қорлар үшін бағалаудың бірдей формулаларын пайдалану міндетті. Әр түрлі сипаттағы немесе пайдаланудағы қорлар үшін әр түрлі бағалау формулаларын қолдану өзін-өзі ақтауы мүмкін.

Қорлар әдетте баптар бойынша ықтимал таза сату бағасына дейін есептен шығарылады. Алайда, кейбір жағдайларда ұқсас немесе бір-бірімен байланысты баптарды топтаған қолайлы болуы мүмкін.

Өткізудің ықтимал таза құнын бағалау үшін есептеулер ең сенімді дәлелдемеге, яғни есепті орындау уақытында өткізуге арналған қорлар шамасына негізделеді. Бұл есептеулер, аяқталған кезеңнен кейінгі кезеңнің соңында өтіп жатқан оқиғаларға тікелей байланысты бағаның немесе өзіндік

құнның ауытқуын кезең аяғында болған жағдайларды осындай оқиғалар растайтын дәрежеде ескереді.

Қорлардағы шикізаттар мен басқа да материалдар, егер олар кіретін дайын өнім алдын ала болжам бойынша оның өзіндік құны немесе одан жоғары құнда сатылатын болса, өзіндік құнынан төмен бағада есептен шығарылмайды. Алайда шикізат бағасының төмендеуі дайын өнімнің өзіндік құнының өткізудің ықтимал таза өткізу құнына дейінгі артатынын көрсететін болса, шикізат өткізудің ықтимал таза құнына дейін есептен шығарылады. Мұндай жағдайларда шикізатты алмастыруға арналған шығын өткізудің ықтимал таза құнының қазіргі өлшемдерінен ең ұтымдысы болып шығуы мүмкін.

Қорларды сатқаннан кейін осы қорлардың баланстық құны тиісті түсім танылған кезеңдегі шығыс ретінде танылуға тиіс. Қорлардың құнын өткізудің ықтимал таза құнына дейін ішінара есептен шығарудың шамасы және қорлардың барлық ысырабы есептен шығару жүзеге асырылған немесе ысыраптың пайда болуы кезеңіндегі шығыс ретінде танылуы тиіс.

Әр түрлі жіктелген қорлардың баланстық құны және осы активтердің өзгеру дәрежесі туралы ақпарат қаржы есептілігін пайдаланушылар үшін маңызды. Қорлардың қалыптағы жіктелуі тауарлар, шикізат, материалдар, аяқталмаған өндіріс және дайын өнім. Қызмет көрсету аясындағы ұйымның қорлары деп аяқталмаған өндірісті атауға болады.

Көбінесе сатудың өзіндік құны деп аталатын, кезең ішінде шығыстар ретінде танылған қорлар сомасы бұрын дәл осы кезде сатылған қорларды бағалауға енгізілген шығындардан және өндірістік үстеме шығыстардың бөлінбеген бөлігінен және қорларды өндірудің өзіндік құнының нормадан тыс шамасынан тұрады [4].

Кейбір ұйымдар пайда және залалдар туралы есептерінде жыл бойы шығыс ретінде танылатын қорлардың өзіндік құнының орнына басқа шамалардың ашылуына әкеліп соқтыратын форматты пайдаланылады. Бұл форматқа сәйкес шығыстар сипатына негізделген жіктемені пайдалана отырып, ұйым шығыстардың талдауын ұсынады. Осы жағдайда ұйым кезең ішінде қорлардың таза өзгеру шамасымен бірге шикізат және шығыс материалдары үшін, жалақы және басқа да шығындарды, шығыстар ретінде танылатын шығындарды ашып көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Радостовец В.К., Ғабдуллин Т.Ғ., Радостовец В.В., Шмидт О.И. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп. [Текст]: Оқулық. / Алматы, - 2013. - 195 б.
2. Әбдішүкіров, Р.С. Бухгалтерлік есеп. [Текст]: 1- кітап: оқу құралы / - Алматы: Нұр-пресс, - 2012. - 245 б.
3. Кеулимжаев К.К. и др. Финансовый учет на предприятии: [Текст] Учебник / Под ред. Р.М. Рахимбековой.- Алматы: Экономика, - 2005. - 134 бс

4. Международные стандарты финансовой отчетности: теория и практика.

[Текст]: Учебное пособие. - Алматы: Издательство ТОО "LEM", - 2007. - 135 с.